

**ТО ДСБ «Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» ШЖҚ
МКК-ның (ОПАБ) жиналыс ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№11

04 тамыз 2025 жыл

Қатысушылар:

Жиналыс төрайымы – жалпы бөлім меңгерушісі Л.Х.Евтимиади;

Жиналыс хатшысы – заңгер М.Н.Зұлпыхар;

ОПАБ қызметкерлері – 14 қызметкер.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін» түсіндіру (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы);
2. «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені» түсіндіру (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы);.

ОПАБ-тың жалпы бөлім меңгерушісі Л.Х.Евтимиади жиналысты ашып, күн тәртібіндегі нормативтік құқықтық актілер бойынша құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін сөзді ОПАБ заңгері әрі комплаенс қызметін қоса атқарушы М.Н.Зұлпыхарға берді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 16-бабында Кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары туралы баяндалған. Осы заңның көрсетілген бабының талабына сәйкес кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

ОПАБ шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде орта кәсіпкерлік субъектісі және квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылады.

Заңның айтылып отырған 16-бабының 3-тармағына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындау қажет.

ОПАБ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге жауапты жеке құрылымдық бөлімше де дербес лауазымдық бірлікте қарастырылмаған. Бұл жұмыстар заңгер ретінде өзіне жүктелгендігін түсіндіріп өтті.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 31.03.2023 жылғы №112 бұйрығымен «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ереже бекітілгендігін» және осы Үлгі ережеге сәйкес ОПАБ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі қайта құрылғандығын айтып, қайта құрылған комплаенс қызметінің негізгі мақсаты

Сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір ұжымның, әсіресе мемлекеттік ұйым мен осы мемлекеттік ұйымның әрбір қызметкерінің борышы болып табылатындығын, осы міндетті іс-жүзінде толық әрі нақты орындалуын ұйымдастыру мақсатында Түркістан облысы әкімдігіне бағынысты кәсіпорындар мен серіктестіктерде, квазимемлекеттік ұйым ретінде компаенс қызметтері құрылғандығын айтып, барлық бүгінгі жиналысқа қатысушыларды қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмауды және осындай құқық бұзушылық белгілері немесе тәуекелдері туралы ОПАБ-тың компаенс қызметкеріне жедел түрде хабарлау қажеттігін мәлімдеді.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

М.Н.Зулпых